

БЕКІТЕМІН
«ІТ және жаңа технологиялар
жоғары колледжі» КМҚК директоры



Ш.К.Кумашева

Құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі кеңес туралы ереже

Семей

1. Жалпы ережелер

1.1. Құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі кеңес колледж студенттері арасында құқықтық тәрбие мен профилактикалық жұмысты жандандыруға, құқықтық сана мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік бағдарлама мен құқықтық реформаның қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

1.2. Кеңестің негізгі міндеттері:

- Қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, жастарды қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеушілік рухында тәрбиелеу, олардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін арттыру;
- Студенттердің заңдылықты және құқықтық тәртіпті сақтауын жүйелі түрде бақылау;
- Студенттер арасында ішімдікке салыну, нашакорлық, азғындық, зорлық-зомбылық культімен күрес жүргізу;
- Жастарға құқықтық тәрбие беруге қатысатын ұйымдардың күш-жігерін үйлестіру.

1.3. Кеңес колледж директорының бұйрығымен бекітіледі.

1.4. Кеңестің құрамына төраға (директор немесе директордың орынбасары), төрағаның орынбасары, хатшы және кеңес мүшелері кіреді.

1.5. Кеңестің мүшелері педагогикалық және студенттік ұжым өкілдері болады.

1.6. Кеңес профилактикалық-тәрбиелік жұмыстың келесі бағыттарын үйлестіреді:

- құқықтық оқыту мен құқықтық білімді насихаттау;
- сабақтан қалу, құқық бұзушылық, нашакорлық, алкоголизм және темекі шегудің алдын алу;
- тәрбие консилиумдарының қызметін ұйымдастыру;
- суицидалды мінез-құлықтың алдын алу.

2. Құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі кеңестің жұмыс тәртібі

2.1. Кеңес материалдардың түсуіне қарай, бірақ айына кемінде бір рет отырыс өткізеді.

2.2. Отырыстар сабақтан тыс уақытта немесе әкімшілікпен келісілген уақытта өткізіледі және мүшелердің қатысуымен заңды болып саналады. Отырыстар хаттамамен рәсімделеді.

2.3. Кеңес отырысына материалдарды төраға, орынбасар немесе кеңес мүшесі баяндайды. Баяндамадан кейін құқық бұзушылардың, куәлардың және қатысушылардың түсініктемелері тыңдалады.

2.4. Талқылау қорытындысы бойынша Кеңес келесі шешімдерді қабылдайды:

- құқық бұзушыны талқылаумен шектеліп, түсініктеме алу;
- құқық бұзушыға жәбірленушіден немесе студенттер ұжымынан жария түрде кешірім сұрауды ұсыну;
- әкімшілікке құқық бұзушыны тәртіптік жауапкершілікке тарту жөнінде ұсыныс енгізу;
- материалдарды кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияға немесе әкімшілік органдарға жолдау.

2.5. Заңдылық пен құқықтық тәртіп жағдайын талдау нәтижелері бойынша Кеңес тиісті органдарға заң бұзушылықтардың себептері мен жағдайларын жою жөнінде ұсыныстар енгізеді.

3. Кеңестің құқықтары мен міндеттері

3.1. Кеңес құқық бұзушылық жасаған, оқу тәртібін бұзуға, бұзақылыққа және адамгершілікке жат қылықтарға бейім тұлғаларды есепке алады.

3.2. Кеңес бұл тұлғалармен жеке тәрбие жұмыстарын жүргізеді.

3.3. Кеңес құқық бұзушылық фактілерін өз отырыстарында қарастырады.

3.4. Ішкі істер органдарының ұсынған материалдары, жеке анықтамалары және хабарламалары негізінде, әкімшілікпен бірлесіп, кінәлілерге қолданылған қоғамдық ықпал шаралары туралы хабарлайды.

3.5. Кеңес ай сайын құқық бұзушылықтардың жай-күйін және оның нәтижелерін талдап, өз отырыстарында немесе колледж жиналыстарында қарастырады.